

**6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша  
философия ғылымының (PhD) докторы дәрежесін қорғау  
диссертациясына  
МАЗМҰНДАМА**

**Асанова Саида Эргашевна**

**«Азаматтық процестегі дауларды шешудің баламалы тәсілдері: теориялық және практикалық аспектілері»**

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертация Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша азаматтық үдерістегі дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің, оның ішінде іскерлік және жалпы азаматтық практиканың теориялық және құқық қолдану аспектілеріне арналған. Жұмыста дауларды шешуге баламалы құқық қолдану аспектілерінің теориялық негіздері зерттеледі, Қазақстанның қазіргі замандағы құқық жүйесіндегі дауларды шешудің баламалы тәсілдері нормаларының құқықтық мәртебесі мен орны белгіленеді, татуластыру рәсімдері саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеудің құқықтық қағидаттары зерттеледі.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.**

Қазіргі уақытта қоғам үшін даулы қатынастарды реттеудің баламалы құралдарының маңыздылығы мен тиімділігінің өзектілігі зор, өз кезегінде, бұл Қазақстанның құқықтық жүйесіндегі дәстүрлі, әділ сот, рөлі мен орнының оң бағалануына ықпал етеді.

Соңғы жылдарда қабылданған шараларды оңтайлы деп айту қиын, өйткені соттардың жұмыс жүктемесін төмендету негізінен процессуалдық нысанды қысқарту, оның оңайлатылған модификацияларын қолдануды кеңейту арқылы жүзеге асады. Осы мәселені шешудің барлық басқа жолдары болмағанда, ең соңғы кезекте ғана осындай шараларға жүгіну қажет екендігі ұсынылады. Себептердің бірі: дауларды шешудің кез келген жеңілдетілген түрлері тіпті біртекті істер бойынша да жүргізілетін әділ сот сапасына нұқсан келтірмей қоймайды, істің бір жағын ақсатып барып үдерісті жеделдетеді. Сол себепті цивилистикалық процессуалдық нысанды қысқартумен және қарапайымдатумен байланыссыз сот жүктемесін төмендету бойынша өзге ресурстарды пайдалану қажет. Осындай өзгеше ресурстарға барлық белгілі ДШБ түрлерін жатқызған жөн: делдалдық, арбитраж, шағымдану тәртібі және әкімшілік нысан. Осы нысандардың әрқайсысы қазіргі замандық кезеңде оларды тиімді пайдалану жолдарына кедергі келтіреді.

Отандық ғылыми әдебиетте мемлекет пен құқық теориясы жүзінде құқықтық дауларды баламалы шешу институтының кешенді зерттеулері жоқ. Бүгінгі таңда құқықтық дауларды баламалы шешу тәсілдерінің құқықтық түп-тегі, оларды пайдалану тиімділігін және оларды заңнамаға енгізу перспективаларын терең теориялық ұғыну қажеттілігінің маңызы зор. Отандық құқықтанудағы осы таңдақтарды жою және атап көрсетілген мәселелерді шешу қажеттілігі зерттеу тақырыбының өзектілігін белгілейді.

Диссертация тақырыбын таңдауға құқықтық дауларды баламалы шешу тәсілдерін зерттеуге арналған сала аралық сипаттағы еңбектердің

жеткіліксіздігі себеп болды. Осындай үрдіс Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де бар, сонымен қатар практика жүзінде құқықтық дауларды баламалы шешу тәсілдері саласындағы кешенді жұмыстардың олқылықтары көрінеді.

**Зерттеу тақырыбының таразылану дәрежесі.** Уәлиханов Ч.Ч., Зиманов С.З., Сүлейменов М.Қ., Сапарғалиев Ғ.С., Баймолдина З.Х., Қарагусов Ф.С., Дүйсенова А.Е., Кузбагаров А.Н., Здрок О.Н., Калашникова С.И., Куницына И.В., Носырева Е.И., Мачучина О.А. және басқалар дауларды шешудің баламалы институтын зерттеуге елеулі үлес қосты.

Жалпы, дауларды баламалы шешудің жекелеген аспектілері Шайменова А.Б., А.Р.Гайсина, Е.Д.Точилкина, М.Н.Козюк, С.В.Лазарев, С.В.Николюкин, В.Ю.Панченко, Е.А.Рубинштейн сияқты авторлардың және басқалардың жұмыстарынан көрініс тапты.

Азаматтық процессуалдық заңнама бойынша тараптарды татуластыру үдерісін регламенттеуді зерттеу бағытына Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының көрнекті ғалымдары мен соттары: У.Сүлейменова, М.Т.Қасымова, Т.В.Худойкина, Т.А.Цивильская, Ц.А.Шамликашвили, О.Шварц, Р.Б.Юсупова, Д.Э.Столетова, О.Ю.Скворцов, А.А.Саттарова, В.Нестолый, А.В.Тахмина, А.А.Торопова, Р.Б. Юсупова, Д.В. Князев және басқалары қомақты үлес қосты.

#### **Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері.**

Осы жұмыстың мақсаты құқықтық дауларды баламалы шешу тәсілдерін толық сипаттау, олардың маңызды белгілерін, мазмұнын, нысандарын айқындау; қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларында оларды қолдану ерекшеліктерін және шетелдік тәжірибені Қазақстанда пайдалану жолдарын анықтау болып табылады. Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- Қазақстан Республикасының құқықтық дауларын шешу жүйесінде «дауларды баламалы шешу тәсілдерінің механизмдері», сондай-ақ «татуластыру рәсімдері» түсініктерінің дәлірек анықтамаларын тұжырымдау және дауларды баламалы шешу тәсілдерінің және татуластыру рәсімдерінің орны мен рөлін айқындау;
- жалпы құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдері, атап айтқанда, татуластыру рәсімдері туралы жалпы теориялық білімдерді жинақтау және дамыту;
- құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің пайда болу алғышарттарын анықтау мен қалыптасу және даму сатыларын толығырақ түсіндіру;
- салыстырмалы құқықтық зерттеу шеңберінде және қазақстандық тәжірибені ескере отырып, құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің түрлерін, белгілерін және қағидаттарын және олардың пайдаланылу ерекшеліктерін сипаттау;
- сонымен қатар, қазақстандық тәжірибені ескере отырып, құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің артықшылықтарын және кемшіліктерін ажырату;

- құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерін қолдану мен құқықтық реттеудің шетелдік тәжірибесіне талдау жасау;
- құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерін нормативтік регламенттеудің қазіргі замандық жағдайын және Қазақстанда кеңінен енгізу перспективаларын айқындау;
- азаматтық процестегі дауларды шешудің баламалы әдістерін қолданудың процессуалдық әдістерін жетілдірудің ағымдағы бағыттарын ұсыну.

**Зерттеу нысаны** – азаматтық үдерістегі дауларды баламалы шешу институтының құқықтық механизмдерін іске қосу барысында туындайтын қоғамдық қатынастар.

**Зерттеу нысанасы** – құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерін жетілдірудің теориялық-құқықтық және практикалық аспектілері.

**Зерттеудің әдіснамалық негізі және әдістері.** Алға қойылған міндеттерді шешу және нысанаға алған мақсатқа жету үшін философиялық, жалпы ғылыми және арнаулы-ғылыми таным қағидаттары мен әдістерінің кешені пайдаланылды, олардың әрқайсысы тақырыпты объективті және жан-жақты зерттеу мүмкіндігін берді.

**Зерттеудің нормативтік-құқықтық базасы.** Жұмыстың теориялық негізіне мемлекет пен құқық теориясы, конституциялық құқық, философия саласындағы ғылыми еңбектер, практикада жүрген заңгерлердің жұмыстары, сондай-ақ басқа құқықтық пәнтану бойына жұмыстар алынды. Зерттеудің нормативтік-құқықтық базасы Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексі, Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңы және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілері, халықаралық нормативтік-құқықтық актілер және жекелеген шетелдік мемлекеттердің нормативтік-құқықтық актілері болып табылады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Алынған нәтижелердің ғылыми жаңашылдығы мынада: ұсынылған жұмыс құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің, олардың өзектілігінің, нысандарының, Қазақстан Республикасындағы құқықтық реттеу ерекшеліктерінің және шетелдік тәжірибені әрі халықаралық құқықтық стандарттарды есепке ала отырып қолданудың жалпы теориялық кешенді ғылыми зерттеуі болып табылады, еңбекте автор Қазақстандағы ДШБ теориялық және заңнамалық негіздерін дамыту бойынша жаңа ғылыми-тәжірибелік қорытындылар ұсынады.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:**

1. Келесі анықтамалар тұжырымдалды:

Дауларды баламалы шешу механизмдері. Татуластыру рәсімдері.

2. Қазақстан Республикасындағы құқықтық дауларды шешу жүйесінде дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің және татуластыру рәсімдерінің орны мен рөліне жасалған жан-жақты талдау негізінде заң жүзіндегі дауларды шешудің бірыңғай (жалпы) жүйесінде баламалы тәсілдер мен татуластыру рәсімдері дербес мәртебеге ие болмайтыны және олардың мемлекеттік әділ соттан толықтай тәуелсіз бола алмайтыны тұжырымдалған.

3. Құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерін тарихи дамытудың негізгі үрлістері ерекшеленді:

- дауларды соттан тыс шешу механизмі ретінде өзінің тиімділігін тарихта дәлелдеген билер соты құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерін әріқарай дамыту;

- оңайлатылған рәсімдерді және цифрландыру технологиясын пайдаланумен құқықтық даулардың түрлік алуандығының, санының және қиындықтарының көбеюі салдарынан құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерін әрі қарай жіктеу (мамандандыру) және пайдаланылуын кеңейту;

- дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің жүйесін реформалау.

Дауларды баламалы шешудің туындаудың алғышарттарына жасалған талдау нәтижелері бойынша қазақтық ғұрыптық құқықта қалыптасқан дауларды шешу мен баламалы (соттан тыс) талқылау тәжірибесі қазіргі замандық практикадан ерекшеленетін өзіндік спецификаға ие болды деген қорытынды жасалды.

4. Келіссөздер, делдалдық және арбитраж қабылдаулар тәртібін белгілейтін нысандардың мемлекеттік емес жүйесі, тараптар келісіміне негізделген өзінің әмбебаптылығымен, икемділігімен, құпиялылығымен сипатталатын, дауласушы тұлғалар арасындағы қайшылықтардың тез әрі тиімді жойылуын қамтамасыз ететін құқықтық дауларды шешу құралдары ретінде құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің кең таралған түрлері болып егжей-тегжейлі талданды.

Осылай қарастыру нәтижелері бойынша дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің негізгі белгілері айқындалды:

- мемлекеттік емес;
- дауларды шешуге ДШБ қолданудың келісімді қолдану;
- әмбебаптық;
- құқықтық сипат;
- икемділік;
- құпиялылық.

5. ДШБ қолдану теориясы мен практикасының артықшылықтары тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдейді, медиация тәртібінде (кез келген сатыда) сот талқысының жалғасуын, дауды реттеу үшін қайта сотқа жүгінудің көбеюін болдырмайды; келешекте тараптардың өзара қолайлы қатынастарын дамыту перспективасы құрылып қоғамдағы дауласу деңгейінің төмендеуіне.

ДШБ қолдану теориясы мен практикасының кемшіліктері келесі, баламалы нысандар құқықтық емес деректерді айқындайды, сондықтан ДШБ күрделі құқықтық мәселелер мазмұндалатын дауларды шешпейді; дауларды шешудің баламалы тәсілдері екі тараптың арасында келісімге қол жеткізу үшін тиімді (ал, егер тараптар көп болса, ондай дауды шешу іс жүзінде мүмкін емес).

6. Отандық қайта құруларды өткізу барысында халықаралық тәжірибені пайдалану туралы ұсыныстар жалпы теорияның және құқық қолдану практикасының барлық ережелерін жай ғана көшірмелеуді, өзара алмасуды

білдірмейді, бұл біздің тарихи, құқықтық дәстүрлеріміз, құқықтық санамыз, экономикалық және әлеуметтік жағдайларымызға орай мүмкін де емес.

7. «Дау», «құқықтық дау», медиация (mediation) және консилиация (conciliation) түсініктерінің арақатынасына қатысты теориялық ережелер және әділ сот талқысына құқылы болу мен әділ сотқа жүгінуге құқылы болу арақатынасы талдау нәтижелері бойынша бекітілді және дәлелденген, сонымен қатар, дауларды шешудің жүйелі жолы мен қолжетімділігі дауларды шешудің баламалы құралдары заңды мағынаға ие және қолдану арқылы іске асырылады.

8. Дауларды баламалы шешудің құқықтық жүйе институты ретінде екі негізгі бағыт бойынша: қолданыстағы сот жүйесінің шеңберінде және ол жүйеден тыс дамитыны туралы жасалатын қорытынды дауларды шешудің баламалы тәсілдерін олардың құқықтық реттеу саласына тән ерекшелігіне сүйене отырып, екі негізгі: көпшілік және жеке нысанға жүйелеуге негіз болады. Осыған байланысты, дауларды шешудің баламалы тәсілдерін жетілдіру және жіктеудің жаңа нысандарының қажеттілігі туындады:

- дауларды шешу нысаны;
- негізгі құқықтық жүйе;
- мақсаттары: құқықтарды қорғау және дауларды шешу, мәмілеге қол жеткізу;
- үдеріс қағидаттары: сайыскерлік,;
- құқық қолдану үдерісінің ерекшеліктері: юрисдикциялық, юрисдикциялық емес, дауларды баламалы реттеу ;
- шешімдердің орындалу міндеттілігі: міндетті, ұсынымдық;
- үшінші тараптың қатысуы:, қатыстырусыз ;
- ресмилендіру: ресмиленген үдеріс, ресмиленбеген үдеріс;
- ашықтық: құпиялылық және жариялылық.

8. Азаматтық сот ісін жүргізудегі АДР институтын одан әрі дамытудың келесі өзекті бағыттары айқындалып, ашылды:

– ДШБ саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдірудің дұрыс амалын ойластыру ДШБ саласындағы ұйымдардың ұйымдастыру-құқықтық қызметіне талапқа сай бақылау орнату және жағдайларын жақсарту мақсатындағы кең ауқымды талаптардың қойылуына байланысты (оның ішінде статистикалық деректерді жинау және талдау);

– медиация, арбитраж рәсімдерімен және басқа ДШБ түрлерімен шұғылданатын тұлғалардың кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде салықтар есебі мен есептілігіне бағытталған қағидалар мен механизмдерді ойластыру жан-жақты талдау жасауды, ДШБ институтын одан әрі нығайту және дамыту үшін осы бағытқа кедергі келтіретін себептер мен жағдайларды объективті жолға қоюды талап етеді;

– Қазақстанда құқықтық ортамен дауларды баламалы шешу институтының ықпалдасу үдерісі қазіргі уақытқа дейін аяқталмаған. ДШБ теориялық ережелері, жіктелуі және қағидаттарының қолданылуы одан әрі дамытуды талап етеді, ал қолжетімділігіне және болжамды

карапайымдылығына қарамастан, ол азаматтар мен заңды тұлғалар арасында толық аумақтық сипатта да, шетелдік практикада да танымалдыққа ие емес.

### **Диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Диссертацияның теориялық маңыздылығы: Азаматтық процессуалдық құқықтың теориясын тереңдету және дамыту негізінде аз зерттелген татуластыру рәсімдері институты арқылы дамыту. Аталған жұмыс дауларды шешудің баламалы тәсілдері саласындағы болашақ ғылыми зерттеулерге теориялық негіз бола алады.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы: ізденушінің қорытындылары мен ұсыныстары, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесінде жасаған талдауларын әр түрлі салаларда пайдалана алады.

Тұжырымдалған қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстарды мына салаларда пайдалануға болады:

- заң шығару қызметінде;
- Қазақстан Республикасының азаматтық процессуалдық заңнамасын жетілдіру барысында;
- ғылыми-зерттеу қызметінде;
- құқық қорғау жұмысында;
- зерттеу нәтижелерін дауларды сотқа дейін реттеу саласында жоғары білікті мамандарды даярлау үшін жоғары оқу орындарындағы дәрістік және тәжірибелік сабақтарда оқу үдерісінде пайдалануға болады.

### **Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу.**

Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің жекелеген нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынуымен шетелдік және ұлттық ғылыми басылымдарда жарық көрген он ғылыми жарияланымда, оның ішінде халықаралық ғылыми-тәжірибелік мәслихаттарда оқылған бес мақала, баяндамадан, журналдарда басылған үш мақаладан, сонымен қатар Thomson Reuters компаниясының халықаралық базасына кіретін «Australasian dispute Resolution journal» және Scopus деректер базасына кіретін «Rivista Di Studi Sulla Sostenibilita» журналынан көрініс тапты.

Диссертация Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің азаматтық құқық, азаматтық үдеріс және еңбек құқығы кафедрасында дайындалды және талқыланды.

### **Зерттеу нәтижелерін жариялау.**

Диссертацияның негізгі ережелері 10 басылымда берілген. Оның ішінде: Scopus/Thomson Reuters деректер базасына енгізілген халықаралық ғылыми басылымдардағы 2 мақала.

**Диссертацияның құрылымы және көлемі.** Диссертация кіріспеден, сегіз қосалқы бөлімді қамтитын үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 143 бет.